

## БӨЛІМ: СЦЕНАРИЙ

**Тәуелсіздікке сценарий. «Елімнің бақытын тербеткен тәуелсіздік»**ЖАРИЯЛАНДЫ  
03.12.2021ТІРЕК СӨЗДЕР  
Тәуелсіздікке сценарийСІЛТЕМЕ  
<https://bilimger.kz/112107/>**Тақырыбы: «Елімнің бақытын тербеткен тәуелсіздік»****Гимн орындалуы****1-жүргізуші:***Армысыздар, Отандастар!***2-жүргізуші:***Қайырлы күн, қымбатты қонақтар, ұстаздар, оқушылар!***1-жүргізуші:**

Алтайдан Алатауға дейін ұлан – ғайыр жерді мекен еткен ата – бабаларымыз тәуелсіздікті арман еткен. Осынау кең даланы көк найзаның ұшымен, сом білектің күшімен қорғаған бабаларымыздың аманатын орындау үшін талай боздақтар жанкештілікке барған.

Еліміздің тәуелсіздік алуы — халқымыздың тарихында жаңа дәуірдің бетін ашты, бүкіл қоғамдық өмірімізге жаңа леп, серпін ала келді. Ол-баршамыз бейбіт өмірде, еркіндікті аңсаған ақ ниет, ақ тілеумен өзіміз тіккен ортақ шаңырағымыздың тәуелсіздігі.

**2-жүргізуші:**

Сол боздақтарымыз Қайрат Рысқұлбеков, Ербол Спатаев, Ләззат Асанова, Сабира Мұхамеджанова сияқты қыршын жастардың құрбандыққа баруы себебімен тәуелсіздік алып, егеменді ел болдық.

**1 жүргізуші**

Осы боздақтарды еске алу мақсатында Бір минуттық үнсіздік жариялаймыз

Құттықтау сөз: Мектеп директорының уақытша міндетін атқарушы

Аманжол Гарифоллаұлына беріледі

**2-жүргізуші:**

Қандай бақыт қуанышты күн бүгін,  
Дәлелдеуде Қазақстан елдігін.  
Арман еткен, қыршын кеткен ағалар,  
Елің алды егеменді теңдігін.

**1-жүргізуші:**

Атыңнан айналайын егемен ел,  
Тәуелсіз күнің туды кенеле бер  
Мерейің құтты болсын, тәуелсіздік,  
Ғасырдың тойы болшы келе берер!

**Бишілер тобы**

**2 жүргізуші**

Мен-қазақпын мың өліп, мың тірілген,  
Жөргегімде таныстым мұң тілімен.  
Жылағанда жүрегім күн тұтылып,  
Қуанғанда күлкімнен түн түрілген.

**Көркем сөз 4 сынып оқушылары:**

**1 жүргізуші**

Біз қазақпыз, бейбіт елміз  
Пейілі кең бейне теңіз!  
Алтын бесік туған жерді,  
Асқақ әнмен тербетеміз.

**ӘН:**

**2 жүргізуші**

Қазақстан – сан ғасырлық тарихы бар,  
Қазақстан –бұл азат ел, танысыңдар.

Көк байрағы, елтаңба, әнұраны,  
Қазақ елі егеменді, сан ұлты бар.

### **Құттықтау сөз**

#### **1 жүргізуші**

Қазағымның тарихы жатқан аңыз  
Ел болдық егеменді мақтанамыз.  
Төбеміз көкке жетті қуаныштан,  
Жаңғырды ата дәстүр, салт-санамыз.

#### **Күй: Ақбаян орындайтын Рустемқызы Райана**

#### **2 жүргізуші**

Тәуелсіздік төрімізде,  
Желбірейді туымыз.  
Қазақпын деп мақтанады,  
Қызымыз бен ұлымыз.

#### **1 жүргізуші**

Тәуелсіздік мәңгілік сақталсын,  
Алдымызда барлық үміт ақталсын.  
Тату-тәтті бірлік болып қашанда  
Бейбіт өмір бар халықпен жақталсын  
Композиция «Көзімнің қарасы» орындайтын

#### **2 жүргізуші**

Дүбір қосып өзіңдей сәйгүлікке  
Ақ боз аттың алдынан жанды үміт те.  
Ту ғып ұстап аңсаған азаттықты,  
Қазақстан бет алды мәңгілікке!

#### **Күй «Кеңес» орындайтын Шайхмеденов Азамат**

#### **1 жүргізуші**

Қазақпын, еңселі елмін егеменді,  
Кеңейттім кең әлемге керегемді.  
Мұхиттың ар жағында жатқан жұрттар  
Таныды тепе-тең деп тереземді.

## **2 жүргізуші**

Қазақпын, қойнауы –құт, жері-дархан,  
Әнімді бес құрлықтың бәріне айтам.  
Хор «Моя родина Казахстан»

## **1-жүргізуші:**

Тәуелсіздік – елімнің шамшырағы  
Тәуелсіздік – халқымның бәйге пырағы.  
Тұрақты болсын , қуатты болсын әрқашан,  
Шырағы мен пырағының тұрағы.

## **2-жүргізуші:**

Тәуелсіздік – бабалардың ұраны,  
Бейуақытта бойға таққан тұмары.  
Тәуелсіздік – түнектерде тұншығып,  
Ызғар ұрып, жанбай қалған шырағы.

**1-жүргізуші:** Тәуелсіз елдің ұлы — өжет, қызы қайратты, қаһарман.

**2-жүргізуші:** Тәуелсіздікті анаңдай ардақта, балаңдай мәпеле, құрметте.

**1-жүргізуші:** Елтаңбамыз ажарлы, әнұранымыз әуенді, асқақ бола түссін!

**2-жүргізуші:** Еліміздің белгісі – көгілдір туымыз әрқашан желбірей берсін!

**1 жүргізуші:** Бүгінгі «Елімнің бақытын тербеткен тәуелсіздік» атты кешіміз аяқталды!

Назарларыңызға рахмет!

Той тойға ұлассын!

**Қош сау болыңыздар!**

**ҚМ АА** Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.